

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 9 желтоқсан N 1291

"Бюджет жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 1 сәуірдегі Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "2002 жылға арналған республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 27 желтоқсандағы N 1715 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

IV "Шығындар" деген бөлімінде:

12 "Көлік және байланыс" деген функционалдық тобында:

1 "Автомобиль көлігі" деген ішкі функциясында:

215 "Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі" Әкімшісі бойынша :

036 "Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының құрылысы және қайта жаңарту" деген бағдарламасында :

035 "Астана - Бурабай автомобиль жолының учаскесін қайта жаңарту" деген кіші бағдарламасында "3112700" деген сан "2982700" деген санмен ауыстырылсын;

044 "Қызылорда қаласы маңындағы Сырдария өзені арқылы өтетін көпір" деген кіші бағдарламасында "253000" деген сан "383000" деген санмен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің 001 "Әкімшілік шығындар" республикалық бюджеттік бағдарламасының 2002 жылға арналған паспортын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қаңтардағы N 102 қаулысына :

көрсетілген қаулыға қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармағының кестесінде :

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанында :

"426" деген сан "464" деген санмен ауыстырылсын;

3) "Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникациялар министрлігінің республикалық бюджеттік бағдарламаларының 2002 жылға арналған паспорттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 26 қаңтардағы N 122

қаулысына :

көрсетілген қаулыға 2-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармағының кестесінде:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру бойынша іс-шаралар" деген 5-бағанында:

1) тармақшада "2" деген сан "3" деген санмен ауыстырылсын;

3) тармақшада "2" деген сан "8" деген санмен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 7-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары" деген 6-тармағының кестесінде:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанында:

коды 035 "Астана-Бурабай автомобиль жолының телімін қайта жаңарту" деген кіші бағдарламасында:

"құрылыс" деген сөз алынып тасталсын;

мынадай сөздермен толықтырылсын:

"- жол-құрылыс материалдарын дайындау.";

коды 044 "Қызылорда қаласы маңындағы Сырдария өзені арқылы өтетін көпір" деген кіші бағдарламасында:

"құрылыс" деген сөз алынып тасталсын;

"45" және "10" деген сандар тиісінше "230" және "14" деген сандармен ауыстырылсын;

7 - тармақта:

2) тармақша "- жол-құрылыс материалдарын дайындау" деген сөздермен толықтырылсын;

4) тармақшада "45" және "10" деген сандар тиісінше "230" және "14" деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 13-қосымшада:

"Бюджеттік бағдарламаны іске асыру бойынша іс-шаралар жоспары" деген 6-тармағының кестесінде:

"Бағдарламаны (кіші бағдарламаны) іске асыру жөніндегі іс-шаралар" деген 5-бағанында:

"- радиотехникалық бақылаудың 1 жылжымалы станциясы," деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"- радиотехникалық бақылаудың 2 жылжымалы станциясы;"

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"- портативтік іздестіру-өлшеу аспаптарының 10 жинақтауышы (көпфункционалдық тестілеу қабылдағышы, портативтік тестілеу қабылдағышы,

көпфункционалдық тестілеу жиілік өлшегіші, кеңейтілген диапазонды радиостанциялар) . " ;

7 - т а р м а қ т а :

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- радиотехникалық бақылаудың 2 жылжымалы станциясы;"

мынадай мазмұндағы жетінші абзацпен толықтырылсын:

"- портативтік іздестіру-өлшеу аспаптарының 10 жинақтаушы (көпфункционалдық тестілеу қабылдағышы, портативтік тестілеу қабылдағыш, көпфункционалдық тестілеу жиілік өлшегіші, кеңейтілген диапазонды радиостанциялар)".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*